Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бері өткізіліп келеді. 2024 жылы республикалық акция аясында қазақтың көрнекті жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары оқуға ұсынылды. Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның 2024 жылғы атаулы күндер күнтізбесіне енгізілді. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған. Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20 - дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б. Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Балалардың бал мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген жазушы әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының жанды суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізе білген. Б. Соқпақбаевтың әңгіме, повесть, романдары және пьесаларында балғын шаққа батыл саяхаттар жасап, таңдандырып, тамсантип, бал дәурен әсерлерінің қаймағын бұзбай, ақиқаттан алшақтамай, балаға тән қиялдап, өмірдің өз болмысын тебірене толғайды. Оқысаң еріксіз езу тарттырып, кейде күрсінтіп терең ойға жетелейді. Иә, адам өмірі деген тесік шелекке құйылған су тәрізді болады екен. Тіршіліктің оны-мұны шаруа қамымен күйбеңдеп, басың қатып жүргенде, бір күні сарқылып бітіп қалғанын білмей де, байқамай да қалады екенсің!

№80 МГ кітапханасында Ә.Х. Марғұланның туғанына 120 жылына орай виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: оқушыларға ғылыми ізденісін арттыру, оқырмандарға шығармашылық ойлары мен жаңаша идеяларын жүзеге асыруға ықпал ету. Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер филология ғылымдарының докторы Әлкей Марғұланның білім жолында қосқан үлесін

таныстыру. Әлкей Хақанұлы – жан-жақты ғалым, филология ғылымдарының докторы, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі, белгілі шығыстанушы, тарих төңірегінде көп еңбек сіңіріп, Қазақстан археологиясының жеке ғылым ретінде қалыптасуында ерекше із қалдырған. Сондықтан да ғалымның ҚазКСР ҒА құрылған соң бірден Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында жасақталған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 20 жыл бойы жұмыс істеді. Әлкей Марғұлан туралы кітаптар қойылды <https://www.facebook.com/share/v/EUod6Hmxd3bvtJ5Y/?mibextid=K35XfP>

№80 мектеп-гимназиясының кітапханасында кітапханашы «Ілияс Жансүгіров-қазақ әдебиетінің классигі» тақырыбында тақырыптық көрме ұйымдастырды, библиографиялық шолу өткізді. Жансүгіров өлең жазуды 1912 жылы бастаған. Оның «Балдырған», «Қызыл жалау» атты өлең дәптерлері кейін 1957 жылы Ұлттық кітапханадан табылды. «Сарыарқаға», «Тілек» атты өлеңдері Жансүгіровтың жарық көрген алғаш туындылары еді. Олар 1917 жылы Семейдегі «Сарыарқа» газетінде жарияланған. 1923 жылы «Сана» журналында «Мерген Бөкен» әңгімесі басылып шықты. Содан кейін Жансүгіров өлеңдері «Тілші», «Ақжол», «Кедей еркі» газеттерінде жиі жарияланып жүрді. Кейіннен Жансүгіров халқының алдында қаламы ұшталған, ойы терең, талантты ақын ретінде белгілі болды. Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы – қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Абай поэзиясы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілері. Оның шығармалары сан салалы, көп қырлы. Жансүгіров халықтың бай фольклорын жинасуға, оның озық үлгілерін халық игілігіне айналдыруға, басылып кітап болып шығуына үлкен үлес қосқан. Олардың озық үлгілерін өзі жазған мектеп оқулықтары мен хрестоматияларына енгізіп, мектеп оқушыларының халықтық тарихынан, өткен өмірінен хабардар болуына зер салған. Жансүгіров әдебиет сынына да араласып, әдеби көркем сын жанрының дамуына ат салысты.

80 МГ кітапханасында Ә.Х. Марғұланның туғанына 120 жылына орай виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: оқушыларға ғылыми ізденісін арттыру, оқырмандарға шығармашылық ойлары мен жаңаша идеяларын жүзеге асыруға ықпал ету. Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер филология ғылымдарының докторы Әлкей Марғұланның білім жолында қосқан үлесін таныстыру. Әлкей Хақанұлы – жан-жақты ғалым, филология ғылымдарының докторы, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі, белгілі шығыстанушы, тарих төңірегінде көп еңбек сіңіріп, Қазақстан археологиясының жеке ғылым ретінде қалыптасуында ерекше із қалдырған. Сондықтан да ғалымның ҚазКСР ҒА құрылған соң бірден Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында жасақталған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 20 жыл бойы жұмыс істеді. Әлкей Марғұлан туралы кітаптар қойылды <https://www.facebook.com/share/v/EUod6Hmxd3bvtJ5Y/?mibextid=K35XfP>

Кітапхананың қормен жұмыс жасау

Кітапхана қоры балалр үшін білім беру, көркем, салалық, анықтамалық әдебиетімен толықтырылған, және де үш топқа бөлінеді:

- бастауыш мектеп жастағы балаларға, орта мектеп жастағы балаларға, жоғары мектеп жастағы баралар;
- мерзімді басылымдар қоры;
- оқулықтар тізімі және оқу-тәрбиелік заманауи сауалнамаларын ескеретін оқу әдебиеттінің қоры.

Есепке алу үшін қормен жұмыс істеу барысында келесі құжаттар жүргізіледі:

- жинақталған есеп кітапшасы;
- инвентарлық кітаптар;
- жөңелтпе құжат папкасы;
- оқулықтарды есепке алу картотекасы;
- уақытша сақтау әдебиеттерді есепке алу дәптері;
- мерзімді басылымдардың келуін есепке алу парақшасы;
- оқырмандардан алынған жоғалтылған басылымдардың орнына жаңадан әкелінген басылымдардың есепке алу дәптері.

Құжаттардағы жазулар дер кезінде жасалынады.

Қор КБК-на сәйкес қойылған, техникалық жағынан өңделген. Жыл барысында қордың қойылғанынын дұрыстығы тексерілді, оның жарым-жартысына қайта ұйымдастырылуы жүргізілді. Негізгі қорға қолжетімділігі – ерікті, оқулықтарға – жабық. Қордың тәртібі сақталынып келеді.

2023-2024 ж.ж. мектеп кітапхансының қоры: 65 236 - есепке алынған. Бұл 3 кестеде келтірілген.

3 кесте - Бақылау көрсеткіштері

№ р/н	Оқу жылы	2023-2024
1	Кітап қоры	50434
	Олардың ішінде:	
2	Оқулықтар	47661
3	Көркем әдебиет қоры	2773

Кітапхана қорымен жұмыс. 2023-2024 оқу жылдарында оқу қоры 50434 данасын құрайды. Оқулықтармен қамсыздандырылғаны 100 % құрайды.

3 сыныптарда орыс тілі, жаратылыстану мен ағылшын тілі жаңартылған. Қазан – қараша айларында жыл сайынға оқу қорының түгенделуі өткізілді. Кітапхана пайдаланушылары кітаптар түгелдігін жауапкершілікпен қарайды. Жыл аяғында оқулықтар тапсырылған. 2023, 2024 жылдардың желтоқсанда, сәуірде 1-11 сынып оқушылары арасында оқулықтардың сақталуын және

жағдайындарын анықтау бойынша рейд өтті. Барлық сыныптарда тексеру жүргізілді. Оқулықтардың сақталуы, сыртқы мұқабасының қапталуы, оның жай-күйі қаралды.

3, 5,7,8 сынып оқушыларының көбінде оқулықтар оқу жылының бірінші күнінен бастап ұқыпсыз ұсталғаны анықталды. Тексеру нәтижесінде қорытындылар жасалды.

Оқулықты күтіп ұстау, сыртқы мұқабасын қаптау немесе ұсақ жөндеу жүргізу негізінде «Ұқыпты мектеп оқулықтары» туралы әңгіме өткізілді.

Әңгіме барысында оқушылар пікірлерлерін ортаға салды. Алдағы уақытта оқушының білім алуына негізгі көмекші болып отырған оқулықтарына ыждағаттылықпен қарап, ұқыпты ұстауға уәделерін берді.

ҚР Білім Министрлігімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына арналған оқулықтар тізіміне сәйкес тапсырыс ұйымдастырылған және Білім беру Басқармасына жіберілген.

Ақпараттық технологияларды енгізу

Кітапханада кітапханашының автоматтандырылған орны орнатылған: компьютер, принтер, сонымен қатар пайдаланушыларға арналған компьютерлер, болашақта пайдаланушылар үшін компьютерлер жабдықталады.

Жаппай іс-шаралар

Мектеп кітапханасы ұйымдастырған елеулі іс-шаралардың арасында, кітапті оқушылармен танысушылық, мерейтойлы жазушылардың кітаптарына шолулар бар. Өткізілген іс-шаралар кітапхананы дәріптеуге, оқу мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған.

№80 мг «8 минуттық көркем кітап оқу» жобасы белсенді дамып келеді. Балалар оқиды. 2,3,4,5,10 сыныптар

Жаңа жобаның оқушылар арасында кітап оқуды насихаттауда маңызы зор. Тың бастама «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қолға алынған. Оқу жылының соңына дейін әр оқушы кемі 10 кітапты оқып шығады. Сосын әр кітапты оқып бітерген соң оны сынып болып талқылайды. 8 минуттық оқу жобасы аясында оқушыларға ұсынылатын кітаптардың мазмұндық құрылымы ұлттық сананы қалыптастыруға, адамгершілік қасиеттерді дәріптеуге, сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Яғни, осы арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артады. Қоғамға деген көзқарасы өзгереді және сөйлеу мәдениеті қалыптасады. 1-6 сыныптардың оқушылары.

Бастауыш сынып оқушылары үшін «Кітап – алтын қазына» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

«Сүйікті кітаптарымен ауысу», «Book Challenge атты челленджер өтті.1-11 сыныптардың оқушылары қатысты.

Букчелленджердің мақсаты: кітап оқуды әйгілендіру, көпшілікке кеңінен насихаттау.

Мектеп кітапханасының негізгі басым бағыттары:

- оқу дағдыларын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- салауатты өмір салтын тәрбиелеу;
- экологиялық білім;
- эстетикалық тәрбиелеу;
- адамгершілікке тәрбиелеу;
- патриоттық тәрбие.

Қазақ Конституциясының отыз жылдығына орай «Ата Заң – елдігімнің еңсесі» атты викторина өткізілді. 5-11 сыныптардың оқушылары қатысты.

Қаңтарда 80 мектеп кітапханасында Б.Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған виртуалды көрме ұйымдастырылды. Биылғы жылы «Бір ел -бір кітап» акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз.

Соқпақбаев «Менің атым Қожа » повесінің арқасында танымал болды. Бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. 1960 ж. жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі. Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған. Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады. Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар. <https://www.instagram.com/reel/C3nShEENgSl/?igsh=MWZiZWY1NmVwcnJxMA==>

16.02.2024 ж «Қауіпсіз балалық шақ» онкүндігі аясында Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназияның кітапханасында Ата-аналардың балалармен бірлескен іс-шаралары: «Есірткіден, алкогольден және басқа да зиянды заттардан сақтану» тақырыбында 8 «Е» және 8«З» сынып оқушыларымен және ата-аналарымен бірлескен квест-ойын өтті. Оқушылар ойынға белсене қатысып, есірткіге зиянды заттарға мүлдем жақындамау керектігін, досы ұсынып тұрса да бас тарту керектігін, досын дұрыс жолға салу

керектігін айтып ситуациялық сұрақтарға жауап берді, түрлі тапсырмалар орындап өз ойларын ашық жеткізді.

Қатысушы Ата-аналар да оқушыларға зиянды заттардың зардабын айтып түсіндірді және оқушылардың белсенділігіне риза болып алғыстарын айтты.

<https://www.instagram.com/reel/C3abZPkoxDN/?igsh=ZHp4cXBkbXpkbGYz>

Экологиялық тәрбиеге арналған «Менің тұған жерім» атты эссе ұйымдастырылды. 1-11 сыныптардың оқушылары қатысты.

Адамгершілік тәрбиеге арналған мұғалімі және кітапхана меңгерушісі 4 сынып оқушыларына арналған «Тәтті кітап» атты біріктірілген ашық сабағын өткізді.

Эстетикалық тәрбиеге арналған келесі іс-шаралар өткізілді. «Гүлдер әуені ...» атты презентациясы 1-4 сыныптарға өтті, «Өнер әлемі» атты көрмешолу 5-6 сыныптарға өткізілді.

Патриоттық тәрбиеге арналған «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты мультимедиялық презентация 6-8 сыныптардың оқушыларына өткізілді. «Соғыс туралы кітаптарды оқимыз» атты әдеби челленджі өтті. Қатысты 9-11 сыныптардың оқушылары.

16.02.2024 ж «Қауіпсіз балалық шақ» онкүндігі аясында Сәкен Сейфуллин атындағы 80 мектеп-гимназияның кітапханасында Ата-аналардың балалармен бірлескен іс-шаралары: «Есірткіден, алкогольден және басқа да зиянды заттардан сақтану» тақырыбында 8 «Е» және 8«З» сынып оқушыларымен және ата-аналарымен бірлескен квест-ойын өтті. Оқушылар ойынға белсене қатысып, есірткіге зиянды заттарға мүлдем жақындамау керектігін, досы ұсынып тұрса да бас тарту керектігін, досын дұрыс жолға салу керектігін айтып ситуациялық сұрақтарға жауап берді, түрлі тапсырмалар орындап өз ойларын ашық жеткізді.

Қатысушы Ата-аналар да оқушыларға зиянды заттардың зардабын айтып түсіндірді және оқушылардың белсенділігіне риза болып алғыстарын айтты.

<https://www.instagram.com/reel/C3abZPkoxDN/?igsh=ZHp4cXBkbXpkbGYz>

23.02.2024 ж «Ашық есік күні» үлкен іс-шара ұйымдастыралды 80 МГ кітапханасында. Ата-аналар, әжелер, 1 сыныптың оқушылары белсенді қатысты. «Ашық есік күні» ата-аналармен жұмыс істеу нысандарының бірі болып табылады, ол оларға білім беру мекемесімен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, оқу процесінің міндеттерімен танысуға мүмкіндік береді.



Халықаралық кітап сыйлау күніне орай 23 ақпан күні С. Сейфуллин атындағы 80 МГ кітапханада «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

Акцияның мақсаты - кітапхана қорын толықтыру, оқушыларды патриотизмге, еңбекті сүйеге, жалпыұлттық құндылықты әрбір жастың бойына сіңіруге, білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, жастардың кітап оқуы үшін оларды кітапханаға тарту, мәртебесін көтеру мен оқушыларға кітап оқуды насихаттау.

Сыйға тартылған кітаптар оқу залындағы арнайы кітап бұрышына орналастырылды. Шараға қатысып, кітап сыйлаған зиялы қауым өкілдері ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұра – кітап екендігін, өткеннің рухы, келешектің кілті, мәдениеттің биік шыңы да осы кітапта жатқандығын айтып, оқушыларға кітап оқуға, сол арқылы білімдерін жетілдіруге шақырды.

Кітап – ізгілік пен руханилық айнасы. Кітапхана алғысын білдірді.

01.03.2024 ж. Қазақстандықтар үшін көктемнің алғашқы күні «рахмет» сөзімен басталады. Қазақстан Республикасында тұратын этностардың ортақ тарихи тағдыры олардың менталитетіне әсер етіп, ортақ құндылықтар мен мұраттарды қалыптастырды. Алғыс айту күні мәдени әртүрлілік пен патриотизмнің мерекесіне айналды. Алғыс айту күнінің мақсаттарының бірі – достыққа, төзімділікке, жер шарындағы барлық адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу, сондай-ақ ұлтаралық және ұлтаралық қатынастарды нығайту.

Бұл мерекеде қазақстандықтар аға ұрпаққа, туған-туыстарына, достарына, әріптестеріне алғыстарын білдіреді. 1 Б-сынып оқушылары ШГ 80-сынып жетекшісі А.З.Осипова, кітапханаша меңгерушісі С.С.Мұханова туған жері Қазақстанға, ата-әжелеріне, ата-аналарына, мектеп ұстаздарына, барша замандастарымызға ерекше алғыстарын білдіреді.

06.03.2024 ж кітапханада Қ. Сәтбаевқа арналған іс-шара өтті. Іс-шараға «Ғылым ордасы» Кітапхана Қ.И.Сәтбаевтың шығармашылық, қоғамдық және ұйымдастырушылық қызметі туралы ақпарат берді. 3-4 с оқушылары белсенді қатысты.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі ҚР Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бастауыш класты орыс-қырғыз мектебінде оқып, білімін жаратылыстану пәнінің мұғалімдерін дайындайтын Семей семинариясында жалғастырды. Бірақ денсаулығына байланысты ауылына оралып, мұғалімдік, ауданның халық төрешісі қызметтерін атқарды.

Наурыз мерекесі қарсаңында мектеп-гимназия кітапханасында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне арналған іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты: Балаларды Наурыз мейрамының тарихымен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға баулу, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, патриоттық сезімдер мен толеранттылықты қалыптастыру. 3-4 сынып оқушылары белсене қатысып, кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда қазақтың зергерлік өнерін, көшпелі халықтардың қолданбалы өнерін, қазақтардың ұлттық ойындарын, ат жарыстарын, ұлттық тағамдарын ашатын кітаптар қойылды, т.б. Шараның қорытынды бөлімінде «Теге алу», «Тиын көтеру», «Көтермек», «Сиқырлы ауыл» сайыстары өткізілді. Балаларға қазақтың ұлттық ойындары қатты ұнады. Олар «Тоғыз-құмалақ», «Қол күрес», т.б. ойындарына қуана қатысты. Әдеби викторинаның сұрақтарына жауап бере отырып, балалар қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін болжауда өз білімдерін көрсетті.

19.02.2024 ж. №80 гимназия мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ халқының асыл перзенті, көрнекті ақыны, жазушы, драматург және ірі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына -130 жыл толуына орай 9-11 сынып оқушылары арасында «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты кітап көрме, презентацияны ұйымдастырды. Іс-шара мақсаты: ақынның сыршыл лирикасының табиғатын таныту, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. «Ананың хаты» әнін кітапханашы көрермендер назарына ұсынды. Көрмеге қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін жеке заттары, суреттер, кітаптар қойылған. Сәкен Сейфуллин – қазақтың бір туар ұлы, қазақ әдебиетінің негізін салушыларының бірі. Өлмес әдеби, мәдени мұра қалдырған ақын осы уақытта біздің арамызда жүрмесе де, өлеңдері халқымен бірге жасай бермек.

<https://www.facebook.com/share/v/f2jSqNPfRdHDwkmw/?mibextid=K35XfP>

23 ақпан күні Астана қаласы 80 мектеп-гимназиясында адамзаттық құндылықтарды насихаттау мақсатында 1 «А», «Ә» сынып оқушылары және ата-әжелерінің қатысуымен «Баталы сөз-балаға азы» атты іс-шара өтті. Іс-шарада бата түрлері, батаның маңызы туралы айтылды. Бастауыш сынып балдырған балалар өздеріне бата туралы, батаның маңызы туралы көптеген мағлұматтар алды. Аталар мен әжелердің батасы балалардың жүрегіндегі азаматтық құндылықтардың артуына себепші болды. Іс-шара өте жоғары

деңгейде өтті. Әжелер ән айтып, өнер көрсетіп, бата беріп жақсы көңіл күйде тарасты. Оқушылар өздері білетін баталарын айтып кері байланыс берді <https://www.instagram.com/reel/C3sYEehM9HO/?igsh=ODUwdzE3dW5sNXN3>

14.03.2024 ж 80 мектеп-гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты тақырыпта 3 «В» сыныбының оқушысы Жаппар Елжас оқыған әдеби кітапты «Нелло мен Патраш» талқылады. Оқыған кітаптың мазмұнасын айтып, өз пікірін білдірді.

2024 ж 15.03 күні 80 мектеп-гимназия кітапханасында «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында, ертегілерді дауыстап оқу, кітапхана меңгерушісі С.С.Муханованың ұйымдастырумен өткізілді. 1Ә сынып жетекшісі Тазагуль Садыковна Нурмаганбетова, оқушыны кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Қазақ ертегілері», «Үш аю», «Андерсен ертегілері» атты ертегілерді дауыстап, қызықты оқып берді.

Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп гимназиясында 14 наурыз күні 5 «Ә» сыныбымен оқырмандар күніне орай «Балалық шаққа саяхат» мерейтойлық марафон аясында қазақтың көрнекті жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналып «Менің атым Қожа» кинофильмін көріп, талқылау жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын шыңдау, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сейітқадыр Гүлмира Жүргенбайқызы оқушыларға «Менің атым Қожа» әңгімесінің мазмұнын түсіндіріп, оқушыларға кинофильмнен үзінді көрсетті. Сонымен қатар мектеп кітапханашысы Сабираш Серикжановна балаларға Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға шақырып әдеби кітаптарын таныстырып өтті. Төмендегі мәліметтер слайд арқылы оқушыларға таныстырылды.

15.03.2024. Наурыз мерекесі қарсаңында мектеп-гимназия кітапханасында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне арналған іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты: Балаларды Наурыз мейрамының тарихымен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға баулу, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, патриоттық сезімдер мен толеранттылықты қалыптастыру. 3-4 сынып оқушылары белсене қатысып, кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда қазақтың зергерлік өнерін, көшпелі халықтардың қолданбалы өнерін, қазақтардың ұлттық ойындарын, ат жарыстарын, ұлттық тағамдарын ашатын кітаптар қойылды. , т.б. Шараның қорытынды бөлімінде «Теге алу», «Тиын көтеру», «Көтермек», «Сиқырлы ауыл» сайыстары өткізілді. Балаларға қазақтың ұлттық ойындары қатты ұнады. Олар «Тоғыз-құмалақ», «Қол күрес», т.б. ойындарына қуана қатысты. Әдеби викторинаның сұрақтарына жауап бере отырып, балалар қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін болжауда өз білімдерін көрсетті.

18.03.2024 «МЕНИҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫМ» республикалық челлендж аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, прозашы, баспагер, журналист Әлібек Асқаровтың кітабы «Қойға шапқан қара аю» әңгімелер жинағы бойынша Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия

кітапханасында іс-шара ұйымдастырылды. 6 «Ә» сынып оқушылары белсене қатысты. Назарбаев Зияткерлік мектептебінің әдістер мен белсенді ойындарды қолдандылды. «Write around» әдісін қолдану оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға және қарастырылып отырған жұмысты жан-жақты талдауға ықпал етті, ақпараттар жинақтады, «Keyword Hexagon» әдісі арқылы берілген мәтіннен сөздерін жазып, постер жасады, «Tarsia» әдісі оқушыларға негізгі сөздер арқылы үлкен көлемдегі ақпаратты беруге мүмкіндік берді. Оқушылар кітаптың мазмұнын толық ашып, өз пікірлерін білдірді.

02.04.2024 ж. Халықаралық балалар кітабы күніне 6 «Г» сыныбы өз оқыған кітаптарымен кітапханада бөлісті. Сынып жетекшісі Дүйсембек Қ.Қ. <https://www.instagram.com/reel/C5RJ-6QsXRH/?igsh=aXUwZHMxOHg0YmZn>

03.04. күні кітапханада мектеп оқушыларына «Интернет алаяқтары» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Интернет алаяқтық қазіргі қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналды», деген ІІМ өкілі қолында компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айнала алатынын ескертіп өтті.

«Менің сүйікті кітабым». Дәл осындай атаумен республикалық челлендж жалғастыруда. Эстафета Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалғасып жатыр. Әр оқу ордасы челлендж аясында белгілі бір кітапты атап өтіп, оқуға шақырады. Мақсат – оқушылардың кітап оқу белсенділіктерін арттыру. Оқитын кітап: Әлібек асқаров «Қойға шапқан қара аю». 9 Д сыныптың оқушысы Мурат Нұрсұлтан. <https://www.facebook.com/share/v/ZTAKEkQcknuGDntU/?mibextid=K35XfP> =

Халықаралық балалар кітабы күніне 2 И сынып оқушысы, және белсенді оқырман Айша Кенишбекова оқыған әдеби кітаптары туралы өз пікірлерін ортаға сала отырып, оқыған кітаптары туралы түсінік беріп өтті

Кітап адамның жүрегін, санасын, ақылын байытады, дүниетанымын кеңейтеді. Бүгінгі таңда теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жат-қаны ащы болса да шындық. Оқушыларды кітапханаға тарту, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру, кітапқұмарлыққа тәрбиелеу, кітапханаға оқырман тарту мақсатында «Менің сүйікті кітабым» атты бейнероликтерді жасады.

<https://www.facebook.com/share/v/Xx76JQt61pvozPAB/?mibextid=K35XfP>

14.03.2024 ж 80 мектеп-гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты тақырыпта 3 «В» сыныбының оқушысы Жаппар Елжас оқыған әдеби кітапты «Нелло мен Патраш» талқылады.

Оқыған кітаптың мазмұнын айтып, өз пікірін білдірді. <https://www.facebook.com/share/v/CZ3cR1GtYZfgYTaQ/?mibextid=K35XfP>

2025 жылы 22 сәуірде өткен «Ұлттық кітап күніне» арналған іс-шараның қорытындысы өте қызықты өтті. 8 «Ә» сынып жетекшісі М.Ж. Калекеева және кітапханашы С.С. Муханова оқушылармен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына экскурсия ұйымдастырды.

Экскурсияның тақырыбы «Балалардың кітап авторларымен және білім беру өкілдерімен жанды қарым-қатынас ұйымдастыру» болды, бұл оқушылар арасында оқуды насихаттау, жазушылармен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру мақсатында өткізілді. Іс-шара барысында «Сөз өнері – өмір өрнегі» шеберлік сағаты өтті. Қатысушы ретінде «Айсын» радиожурналистика мектебінің жетекшісі, журналист Айсын Байтакова қатысты. Ол оқушыларға сахнада сөйлеуді үйретіп, түрлі жаттығулар өткізіп, мақал-мәтелдерді айтқызды. Осылайша, іс-шара оқушылар үшін өте маңызды, әрі қызықты болды. Олар әдеби диалогқа тартылып, шығармашылық кездесулерге қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Бұл тәжірибе балалардың тілдік дағдыларын дамытуға және әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға үлкен әсер етті.
<https://www.facebook.com/share/r/1BbQ8ThnCY/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылы 22 сәуірде «Ұлттық кітап күніне» орай 3 «З» сынып жетекшісі С.М. Рамазанова және кітапханашы С.С. Муханова оқушылармен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына экскурсия ұйымдастырды.

Бұл іс-шараның мақсаты - балаларға оқуға деген сүйіспеншілікті ояту, балалар әдебиетінің жаңалықтарымен және ғылыми-танымдық кітаптармен таныстыру.

Экскурсия барысында оқушылар кітапханадағы көптеген қызықты кітаптар мен ресурстарды көріп, кітапхана қызметкерлерімен танысты. Олар кітаптарды қалай дұрыс пайдалану керектігі туралы маңызды ақпараттар алып, кітапханадағы қызметтердің мәнін түсінді.

Кітапханаға жасаған сапар олардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырды. Мұндай шаралар білімнің маңыздылығын түсінуге көмектесіп, балалардың әлемді кеңінен танып-білуіне ықпал етеді. Оқушылар уақыттарын тиімді пайдаланып, керемет әсермен қайтты.

Экскурсияның нәтижесінде балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігі артып, олар жаңа білім мен тәжірибеге ие болды. Бұл тәжірибе олардың

мәдениетке, әдебиетке деген қызығушылықтарын одан әрі дамытуға ықпал етті. <https://www.facebook.com/share/v/16mGUxqEaM/?mibextid=wwXIfr>

80 мектеп-гимназиясының кітапханасында 2025 жылы 23 сәуірде «Ұлттық кітап күніне» орай 4 «Ж» сынып жетекшісі А. А. Якубова, 4 «З» сынып жетекшісі Б.А. Кобельдесова және кітапханашы С.С. Муханова белгілі жазушымен, акынмен Р.З. Панченко кездесу ұйымдастырды.

Бұл іс-шараның сипаттамасы өте қызықты және мазмұнды. Оқушылармен бірге танымал жазушымен кездесудің ұйымдастырылуы, балалар әдебиетінің жаңалықтарымен таныстыру, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту – бұл өте маңызды мақсаттар.

Іс-шара барысында оқушылар автордың қызықты кітаптар «Волшебная шкатулка», «Зов предков», «Сказка, сказка, приходи», «В некотором царстве...», «Чудеса приходят тихо», «В гостях у сказки», «Бабушкины сказки», «Приключения продолжаются», «Мир чудес» т.б басылымдарды көріп танысты.

Кездесу барысында оқушылардың автордың кітаптарымен танысуы, олардың шығармаларын талқылауы, сонымен қатар жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтар қоюы – бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

<https://www.facebook.com/share/v/19DwqAtgkN/?mibextid=wwXIfr>

2025 жылы 24 сәуірде өткен «Ұлттық кітап күніне» арналған іс-шараның қорытындысы өте қызықты өтті. 5 «К» сынып жетекшісі Ж.О. Шарипова және кітапханашы С.С. Муханова оқушылармен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына экскурсия ұйымдастырды.

Экскурсияның тақырыбы «Балалардың кітап авторларымен және білім беру өкілдерімен жанды қарым-қатынас ұйымдастыру» болды, бұл оқушылар арасында оқуды насихаттау, жазушылармен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру мақсатында өткізілді. Бұл іс-шараның сипаттамасы өте қызықты және мазмұнды. Оқушылармен бірге танымал жазушымен кездесудің ұйымдастырылуы, балалар әдебиетінің жаңалықтарымен таныстыру, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту – бұл өте маңызды мақсаттар.

Іс-шара барысында оқушылар автордың қызықты кітаптарды көріп танысты.

Кездесу барысында оқушылардың автордың кітаптарымен танысуы, олардың шығармаларын талқылауы, сонымен қатар жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтар қоюы.

Бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі

<https://www.facebook.com/share/p/1AZW7F9ZDb/?mibextid=wwXIfr>

29.04.2025 ж Жас ұрпақты патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Оқушылардың бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімдерді ұялату, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу мақсатында ағымдағы жылдың сәуір айында 80 мектеп-

гимназиясының кітапханасында 9 мамыр- Жеңіс күніне орай «Отты жылдар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Бұл іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу, олардың бойында елін, жерін сүю, халқын құрметтеу сезімдерін қалыптастыру. «Отты жылдар» атты кітап көрмесі арқылы оқушыларға Ұлы Отан соғысының тарихы, батырлары мен олардың ерліктері туралы ақпарат беру, ұлттық рухты көтеру, соғыс жылдарындағы қиыншылықтарды еске алу және бейбітшіліктің маңыздылығын түсіндіру көзделді.

Көрмеде соғыс тақырыбына арналған әдебиеттер, естеліктер, деректі фильмдер және фотосуреттер ұсынылды. Оқушыларға арналған арнайы сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастырылып, оларды соғыс ардагерлерінің ерліктерімен таныстыру, патриоттық әндер айту, әскери тақырыпта шығармашылық жұмыстар жазу сияқты шаралар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1ADrQrQB2P/?mibextid=wwXIfR>

Кітапхана меңгерушісінің біліктілігі

Құжаттар және педагогикалық журналдар, әдістемелік кітапханалық журналдар «Мектептегі кітапхана», «Мектеп кітапханасы» зерттелінді. Кітапханашылардың қалалық әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысқан. ҚР Ұлттық академиялық кітапханамен ұйымдастырылған кітабы жарияланғанына арналған пресс-конференцияға қатысты.

20.02.2024 ж «Мектеп кітапханасындағы функционалдық сауаттылықтың өзекті нысандары» тақырып бойынша Назарбаев ЗМ кітапханасында семинар өтті.

Мақсаты – мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру, оқу сауаттылығын дамытудың заманауи әдістерімен таныстыру, тәжірибе алмасу.

Бағдарлама бойынша осындай практикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Әңгімені жалғастыр. Дайын карточкалармен жұмыс. Көлеңкелі поэзия, тарсия әдісі, Keyword Hexagon- түйінді сөздер арқылы белсенді оқыту әдістемесілер көрсетілді.

06.02.2024 Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы “Quantum STEM” мектебімен бірлесіп кітапханашыларға арналған «Білім беру үдерісіне көмектесетін білім беру онлайн ресурстары» атты қалалық семинар өткізді. Семинарда сарапшылар білім беру процесін жақсарту үшін онлайн ресурстарды пайдалануды қарастырды. Сонымен қатар оқытушыларға пайдалы болу үшін әр түрлі қосымша платформалар мен әдістемелік құралдарды көрсетті. Семинар бағдарламасы пленарлық және секциялық атты екі бөлімнен тұрды. Ол педагогтерге тың идеялармен алмасуға зор ықпалын берді.

26.02.2024 ж «Шығармашылық – Қазақстан балаларына» атты кездесу 59 мектеп- лицейде өтті.

Қазақстандағы журналдар мен газеттердің редакторлары Қазақстанда шығатын мерзімді басылымдар туралы айтып, балалар кітап оқуының қоғамдағы маңызы мен рөлін атап өтті, оқырманды қызықтыратын

инновациялық айдарларды жарнамалады. Жиында кітап оқуға қатысты мәселелер көтеріліп, шешу жолдары ұсынылды. Кездесу достық және жылы атмосферада өтті.

Кітапхана қызметінің тәжірибесіне компьютерлік технологияларды енгізілуі жалғастырылады.

70-ші мектеп-лицейінде «Жаңа буын мектеп кітапханасы жұмысының тиімділігін бағалау және оқу» тақырыбында семинар өтті. 80 мектептің кітапхана меңгерушісі бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі: «Тақырыптан іске асыруға дейін: кітапхана ортасында тиімді көрмелер құру «От темы к реализации: создание эффективных выставок в библиотечной среде». Сұрақтар қойылды. Екінші сұрақ бойынша №50 мектептің спикері сөз сөйлеп, іс-шара туралы анықтаманы қалай дұрыс ресімдеу керектігін айтты.

Мақсаты – мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру, оқу сауаттылығын дамытудың заманауи әдістерімен таныстыру, тәжірибе алмасу.

06.02.2024 Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы «Quantum STEM» мектебімен бірлесіп кітапханашыларға арналған «Білім беру үдерісіне көмектесетін білім беру онлайн ресурстары» атты қалалық семинар өткізді. Семинарда сарапшылар білім беру процесін жақсарту үшін онлайн ресурстарды пайдалануды қарастырды. Сонымен қатар оқытушыларға пайдалы болу үшін әр түрлі қосымша платформалар мен әдістемелік құралдарды көрсетті. Семинар бағдарламасы пленарлық және секциялық атты екі бөлімнен тұрды. Ол педагогтерге тың идеялармен алмасуға зор ықпалын берді.

20.02.2024 ж «Мектеп кітапханасындағы функционалдық сауаттылықтың өзекті нысандары» тақырып бойынша Назарбаев ЗМ кітапханасында семинар өтті.

26.02.2024 ж «Шығармашылық – Қазақстан балаларына» атты кездесу 59 мектеп-лицейде өтті.

Қазақстандағы журналдар мен газеттердің редакторлары Қазақстанда шығатын мерзімді басылымдар туралы айтып, балалар кітап оқуының қоғамдағы маңызы мен рөлін атап өтті, оқырманды қызықтыратын инновациялық айдарларды жарнамалады. Жиында кітап оқуға қатысты мәселелер көтеріліп, шешу жолдары ұсынылды. Кездесу достық және жылы атмосферада өтті.

13.03.2024. 70-ші мектеп-лицейінде «Жаңа буын мектеп кітапханасы жұмысының тиімділігін бағалау және оқу» тақырыбында семинар өтті. 80 мектептің кітапхана меңгерушісі бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі: «Тақырыптан іске асыруға дейін: кітапхана ортасында тиімді көрмелер құру «От темы к реализации: создание эффективных выставок в библиотечной среде». Сұрақтар қойылды. Екінші сұрақ бойынша №50 мектептің спикері сөз сөйлеп, іс-шара туралы анықтаманы қалай дұрыс ресімдеу керектігін айтты

Кітапхана мектептегі оқу-тәрбиелік процессін қамтамасыздандыру және оқушылардың, мұғалімдердің кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету жолымен өз бетімен білім алу мақсатын орындайды.

Кітапхана үшін бағдарлама алу қажет.

Кітапхана жұмысы педагогикалық ұжым және оқушылармен өзара байланыста жүргізіледі.

Кітапхана анықтамалы, классикалық және балалар әдебиеттер, электронды әдістемелер қорларын толықтыруында мұқтаж.

Жоғарғы және орта топ оқырмандардың белсенділігін жандандыру.

Оқырмандарда тәуелсіз кітапхана пайдаланушы әдеттерін (кітап және басқа нұсқалармен пайдалануға үйрену) қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.

Мектеп-гимназиясында жүргізілген ішкі аудит мектеп практикасын дамытудың 2024-2025 оқу жылында үзеге асыруды қажет ететін өзекті басымдылықтарын айқындады:

- мектепте барлық деңгейдегі көшбасшылықты дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбейді;
- «мектеп-ата-аналар» өзара әрекеттесуі жеткіліксіз деңгейде;
- дәстүрлі оқытумен оқу стилі басым;
- білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындауда критерийлер бойынша кері байланыс сирек;
- ақпараттық-технологиялық, материалдық инфрақұрылымның әлсіздігі білім алушылардың мүмкіндіктерін шектейді;
- мектеп-гимназия ұйымын персоналды басқару және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды қолдану бойынша табысты даму стратегиялары тәжірибесі жетілдіру;
- мектеп асханаларын жаңғыртуды, соның ішінде қажетті жабдықтармен, ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етуді жалғастыру;
- ЕБҚ балалар қосымша білім беру, олимпиадалық қозғалыспен төмен қамтылған;
- дарынды балаларды қолдау жүйесі жеткіліксіз дамыған;
- дарынды және үлгерімі төмен білім алушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық;
- ЕБҚ балалар арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылуын жүйелеу;

- баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау.
- педагогтер мен ата-аналар үшін мектеп медиациясы әдісі мен медиативті тәсілдің негіздерін дайындау және оқытуды ұйымдастыру қажет.

Мектептің 2024-2025 жылдардағы білім беру жүйесінің жағдайына талдау
Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтар лауазымдық деңгейлері бойынша біліктілік талаптарын жақсы түсінеді Педагогтерге арналған арнайы платформалармен жұмыс істей білу Педагогтердің жаңаға қызығушылық, өзін-өзі дамыту, дербестік және жауапкершілік құндылықтары	Педагогтердің IT-құзыреттілікті, эмоционалды интеллектті дамыту, сабақтарды зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу, сыни ойлау, тайм-менеджмент, ЕБҚ балалармен жұмыс бойынша біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі Тәжірибеге бағытталған конференцияларға педагогтар аз қатысады, өз баяндамаларымен қатысатындар үлесі аз	Педагогтерге сындарлы ескертулер бере алатын әріптестер ("Сын айтатын достар") Басқа өңірлерден білікті педагогтарды жұмысқа тарту мүмкіндігі АттестAUDAN сәтті өткен педагогтарды көпшілік алдында марапаттау және тану Есеп беруді дайындауды азайту және автоматтандыру Педагогтың жұмыс уақытының циклограммасы	Педагогтерге ата-аналармен қарым-қатынас жасаудағы эмоцияналдық жүктеме Орыс тілді бастауыш, педагог-психолог, орыс тілді пәндер бойынша педагогтардың жетіспеушілігі
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)

Ата-аналардың мектептің қауіпсіздік жүйесіне сенімі Үй-жайлар мен жабдықтарды қауіпсіз пайдалану, СанЕмН-ді (санитарлық ережелер мен нормалар) сақтау Заманауи химия, биология кабинеттері Панельдік және интерактивтік тақталар	Пәндік кабинеттермен және зертханалық жабдықтармен жеткіліксіз жарақтандырылуы	Оқушыларға , ата-аналарға, аудан тұрғындарына ақылы қосымша қызметтерді ұсыну Мектепте қосымша табыс табу мүмкіндіктері Мектеп орынжайлары мен жабдықтарын жалға беру Wi-Fi кең қамту аймағы бар тұрақты жылдамдығы жоғары интернет желісін локальды жүйеге қосу	№80 МГ объектісіне реконструкциялаудың (жапсарлас құрылыс) қажеттілігі
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Контентпен алмасуға және сандық оқу материалдарын орналастыруға арналған платформалар bilimland келісім шарт	Есептілікті қалыптастыру үшін ҰБДҚ-ны, "Күнделік" порталының толық функционалын пайдалану	Педагогтердің курстар мен оқу материалдарын жасауға арналған платформалар және жасанды интеллекттермен жұмыс істеу мүмкіндігі Мектеп сайтының (әлеуметтік желілер) жағдайы (мазмұн сапасы,	kundelik.kz порталында «экстернат» бөлімі қарастырылмаған

		ыңғайлылық және т.б	
Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Инновациялық жобалар «Пед старт» , «Global Scholars» «Cisco желілік академиясы» «Салауатты тамақтану мектебі» А дан Я ға дейінгі дұрыс тамақтану» «Бала Абай» экперименттік алаң	Педагогтердің педагогикалық зерттеулер мен эксперименттерді қолдану, жариялау, лицензиялау, тәжірибе алмасу біліктіліктері	Жоғары сынып оқушылары үшін әртүрлі бейіндік сыныптардың көбірек санын жинақтау мүмкіндіктері	
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтардың кәсіби шеберлік деңгейін бағалау	Бағдарламаларды сараптау үшін бөгде мамандарды тарту	Бағдарламалар мен курстарды жобалауға көмек көрсету үшін республикалық әдістемелік орталықтардан кәсіби педагогикалық дизайнерлерді тарту	
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектептегі магистр дәрежесі бар педагогтердің үлесі 17 % Білім алушылардың сұранысына сәйкес вариативті сабақтардың көптүрлілігі; Әл-Фараби атындағы	Білім алушылардың талантын ашу, зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздарын дайындаудағы әдіс-тәсілдері	Кәсіптік сыныптар: анатомиялық тренажерлар, кардиографтар, экология бойынша сандық зертханалар, комьютерлік	Үлгерімі жоғары (дарынды) оқшылардың мамандандырылған метептерге ауысу қозғалысы жиілігі

оқушылар сарайының комьюнити- орталықтарымен серіктестік		сыныптар (STEAM)	
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектептің С.Сейфуллин есімімен аталуы «Әкелер» кеңесі «Әжелер» мектебі «Ардагер ұстаздар» кеңесі	Республика көлеміндегі тарихи орындар мен музейлердегі оқу-тәрбие шаралары	Сәкен оқулары, «Жасыл мектеп» жылыжайы «8 минуттық оқу»,	Мектептегі оқу-тәрбие процесіне ата-аналардың аз қатысуы
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
«Салауатты тамақтану мектебі» А дан Я ға дейінгі дұрыс тамақтану» инновациялық жобасы аясында халықаралық тәжірибе алмасу.	Өзін-өзі басқаруға қатысушылар оқушылар үлесінің төмендігі	Экологиялық қайырымдылық акцияларына қатысу	Республикалық оқу- сауықтыру орындарына баратын білім алушылардың үлесінің аздығы

ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

SWOT талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Білім сапасының -59 пайыздан 62 пайызға дейінгі динамикасының өсуі;	- Ата -аналардың әлеуметтік белсенділігінің төмендігі; - Ата-анамен байланыстың кей

• Білікті, тәжірибелі педагог кадрлардың болуы; • Дарынды оқушылармен жұмыстың қойылуы (олимпиада, ғылыми жоба) • Оқу жоспарындағы пәндер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі педагог-модераторлардың, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі 90% дан кем болмауы	сыныптарда әлсіздігі; • Кейбір пәндер бойынша білім сапасының төмендігі; • Жаңадан келген жас мамандардың мектептегі жаңаша оқыту жүйесіне әлсіз дайындықпен келуі; • Цифрлық технологияларды қолдануда мұғалімдердің әлі де әдістемелік қолдауға мұқтаж болуы; • Бизнес құрылымдармен әлсіз байланыстардың болуы; • Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жағдайлар мен шарттардың төмендігі; • Мұғалімдердің кәсіби конкурстарға қатыспауы; • • Оқу кабинеттердің жетіспеушілігі
Қауіптер	Мүмкіндіктер
• Дарынды балалардың жекеменшік мектептерге ауысып кетуі; Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес болмау қаупі; • Электронды журналдың уақтылы толтырылмау қаупі; • ҚМЖ құрылымының сақталмау қаупі; • Тәлімгерлік құжаттамаларының сапасыз жүргізілуі қаупі; • Педагогтердің, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізу талаптарының орындалмауы қаупі. • Орыс сыныптарында мұғалімдердің жетіспеуі.	• Ресурстық ұйымдарымен әлеуметтік қарым -қатынас негізінде білім сапасының және мұғалімдердің кәсіби дамуы артады; • Осы шағын аудандағы мектептің мәдени рөлін күшейту; • Әлеуметтік-эмоционалдық моделін енгізу жобасы; • Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін дағдарыссыз ыңғайлы ортаны құру. • Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу мүмкіндігі; • IT бағытында жобалар мен үйірмелер ашу; • Инновациялық

	технологияларды кеңінен енгізу;
--	---------------------------------

Мектепте 1–11 сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқу тілі – қазақ, орыс.

Мектеп мына режиммен жұмыс істеді:

1–4 және 5–9 негізгі мектеп, 10-11 жалпы білім беру сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

1- ауысым – 08:00-ден бастап;

2-ауысым – 14:00-ден бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалды.

5–11 сыныптарда 34 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

2024/2024 оқу жылының басында мектепте -2439 оқушы оқыды.

Жартыжылдықта – 2449, Жыл соңында- 2434 оқушы оның ішіндегі

1-4 сыныптар-1030

5–9 сыныптар – 1207 оқушы;

10–11 сыныптар – 212 оқушы

2023/2024 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 96.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

5–9 сыныпта 24-27 оқушыдан;

10–11 сыныпта 24-26 оқушыдан.

Мектептің білім беру қызметі

Білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы»және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілері


басшылыққа алынды және оқыту процесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

Мектептегі педагогикалық процестің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру мақсатында:

- оқу бағдарламаларын орындау,
- оқушылардың білім деңгейі мен дағдылары,
- сыныптан тыс сабақ жұмысының сапасы,
- оқушылардың өзіндік таным әдістерінің дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.Нәтижесінде жыл бойы сапа төмендегідей нәтижесін берді:

2024-2025 оқу жылы бойынша оқушылар саны


Сыныптар саны	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жалпы
1-4 сыныптар	1021	1030	1017	1024	2439
5-9 сыныптар	1204	1207	1200	1201	2449
10-11 сыныптар	214	212	207	209	2424
мектеп бойынша					2434



2023-2024 оқу жылы бойынша білім сапасы


Сыныптар	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жылдық
5-сынып	55%	60%	61%	52%	61%
6-сынып	51%	54%	56%	52%	56%
7-сынып	50%	51%	50%	47%	53%
8-сынып	48%	63%	54%	55%	57%
9-сынып	49%	53%	54%	55%	56%

10-сынып	66%	66%	66%	70%	68%
11-сынып	51%	53%	67%	58%	68%




2024-2025 оқу жылы бойынша білім сапасы


Сыныптар	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жылдық
2-сынып	59%	65%	68%	69%	70%
3-сынып	58%	62%	64,5%	66,43%	66%
4-сынып	61%	65%	67,4%	67%	69%
5-сынып	53%	57%	58%	52%	61%
6-сынып	58%	61%	63%	52%	56%
7-сынып	49%	54%	53%	47%	53%
8-сынып	48%	50%	51%	55%	57%
9-сынып	48%	54%	53%	55%	56%
10-сынып	55%	55%	58%	70%	68%
11-сынып	66%	65%	61%	58%	68%




4 -тоқсан бойынша 2-4 сыныптардың салыстырмалы талдауы




4- тоқсан бойынша 5-11 сыныптардың салыстырмалы талдауы




Жылдық қорытынды бойынша 2-4 сыныптардың салыстырмалы талдауы




Жылдық қорытынды бойынша 5-11 сыныптардың салыстырмалы талдауы





Жалпы мектеп бойынша IV тоқсанның салыстырмалы талдау




Жалпы мектеп бойынша жылдық қорытындының
салыстырмалы талдауы




Үздіктер



Алтын белгі үміткерлері



Үздік аттестат үміткерлері



Жыл қорытындысы бойынша

- 1-4 сыныптар бойынша 1024 оқушысы келесі сыныпқа көшіріледі.
- 5,6,7,8,10-сыныптар бойынша 1114 оқушы аралық аттестаттаудан өтті.
- 9-сыныптар бойынша- 217, 11-сыныптар бойынша 80 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтті.

1-4 сыныптардың білім сапасы өткен оқу жылымен салыстырғанда +6 % пайызға, 5-9 сыныптарда +3% пайызға көтерілсе, 10-11 сыныптар-1% төмендеді, себебі жыл бойы басқа мектептерден оқу мотивациясы төмен оқушылардың келуінен болды. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы өткен оқу жылымен салыстырғанда +3% пайызға көтерілді. Үздік оқитын оқушылар мен алтын белгіге үміткерлер саны өткен оқу жылымен салыстырғанда +8% пайызға өсті.

I. Нөлдік білім кесіндісін жүргізу

5-11 сыныптардың білім сапасының нөлдік бақылау анықтамасы

Мақсаты: Каникул кезеңінен кейінгі білім деңгейін анықтау.

Мақсаты: Білім алушылардың қиындықтарын, оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды толықтыру

Міндеттері


- білім алушыларда қиындық тудырған тақырыптар бойынша сабақтарды жүйелі өткізу;
- сараланған тапсырмаларды таңдай отырып, білім алушылармен жұмыс жүргізу;
- тұрақты кері байланыс жүргізу.

Пән бойынша білім сапасы

Кіріс	Диагностикалық	Диагностикалық	Пәннің атауы
-------	----------------	----------------	--------------

бақылау нәтижесі (қыркүйек)	бақылау 2023-2024 оқу жылы	бақылау 2024-2025 оқу жылы	
Білім сапа көрсеткіші	59%	60,5%	Қазақ тілі
